

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Педагогикалық факультет

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы

Абильдина С.К., Мухаметжанова А.О., Айдарбекова К.А.

5В010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының студенттеріне арналған
**«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» өндірістік
(педагогикалық) практикасы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Қарағанды, 2016

«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» өндірістік (педагогикалық) практикасы бойынша әдістемелік нұсқаулар (5B010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі мамандығына арналған)/ құраст.: Абильдина С.К., Мухаметжанова А.О., Айдарбекова К.А.– Қарағанды, 2016.- 36 б.

Пікір берушілер:

Самашова Г.Е. – ҚарМТУ кәсіби оқыту кафедрасының доценті. п.ғ.к.

Сарсекеева Ж.Е.- п.ғ.д., бастауыш оқыту педагогикасы кафедрасының профессоры

Әдістемелік нұсқау 5B010200- Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі мамандығы бакалаврларын дайындау бойынша Типтік оқу бағдарламасы, 2013 негізінде жасалды.

©Абильдина С.К.
Мухаметжанова А.О.
Айдарбекова К.А., 2016

Алғысөз

Өндірістік (педагогикалық) практика болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлауда басты рөл атқарады. Ол студенттердің педагогикалық қызмет түрлерін тәжірибеде қолдануына бағытталып, оларды шығармашылық және педагогикалық қабілетті дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылыққа, педагогикалық мәдениеттің негіздерін меңгеруге дайындығын қалыптастыру көбіне жоғары оқу орны мен жалпы білім беретін мектеп оқытушыларының мақсатты және бірлескен жұмысы арқылы іске асатынын атап өтуге болады. Сондықтан да өндірістік (педагогикалық) практиканың негізгі міндеттерін көрсетіп және практиканың әр кезеңіне студенттердің орындайтын жұмыс түрлерін қарастыру қажеттігі туындап отыр.

Білім беру жүйесін реформалау жағдайында мектептің жоғары құзыреттілік деңгейдегі білімді мұғалімге сұранысы өсіп отыр. Мұндай деңгейдегі маман жылдам өзгеретін ақпараттар, ағымы жағдайында бағдарлай білуге, оқу бағдарламалары, оқулықтар, басқа да оқу-әдістемелік материалдардың көп түрлілігі жағдайында жұмыс істеуге дайын болуы керек. Бұл жерде өндірістік (педагогикалық) практика маңызды роль атқарады.

Өндірістік (педагогикалық) практика түрлерінің оқу жоспарына бірізділікпен жүйелі енгізілуі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ең басты алғышарты болып табылады.

Оқу және өндірістік (педагогикалық) практика уақытында студенттерде бірқатар тұлғалық және қызметтік сапалар қалыптасады. Жеке тұлғалық сапаларына: ғылыми дүниетанымы, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі, креативтілігі, ақпараттық (компьютерлік) сауаттылығы т.б. жатқызуға болады. Қызметтік компонентте педагогикалық қабілеттілігін, өзіндік мотивациялық бағыттылығын, кәсіби құзыреттілігін (гностикалық, диагностикалық, коммуникативті, конструктивті, ұйымдастырушылық,

арнайы) атап айтуға болады. Бастауыш мектептің қазіргі заманғы педагогтарына қажет білім көлемі өсіп келеді, ал ЖОО-да оқыту бірнеше жылмен шектелген. Осыған сәйкес оқу үдерісін жеделдетіп, жас мамандарға қажетті сапаларды мақсатты қалыптастыру қажет. Әрбір мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеріп, өзінің білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Студент оқып жүрген уақытында өз бетінше білім алу әдістемесін меңгеріп, сыни тұрғыдан ойлауға, кәсіби міндеттерді шешудің дәстүрлі емес жаңа жолдарын табуға үйренуі керек. Мұндай кәсіби сапалардың орнығуы үшін өндірістік (педагогикалық) практиканың рөлі ерекше.

Осыған сәйкес әдістемелік нұсқауда «Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» өндірістік (педагогикалық) практикасының бағдарламасы, сонымен бірге практика барысында студентке қажетті әдістемелік материалдар берілді.

Мазмұны	
Алғы сөз	3
«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» практикасының мазмұны мен ұйымдастырылуы.....	5
«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» педагогикалық практикасының негізгі міндеттері.....	6
«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» практикасын ұйымдастыру.....	8
Практиканың өтілу үдерісіне қатысушылардың міндеттері.....	10
Өндірістік (педагогикалық) практиканы қорғауды ұйымдастыру.....	11
Педагогикалық практика бойынша қорытынды конференцияға дайындайтын материалдар.....	14
Студент-практиканттарды бағалау критерийлері.....	15
Қосымшалар.....	16
Пайдаланылған әдебиеттер.....	30

**«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары»
практикасының мазмұны мен ұйымдастырылуы**

Әдістемелік нұсқау ПмБОӘ кафедрасы
мәжілісінде қаралып, мақұлданды.
Хаттама № 8 «28» наурыз 2016 ж.

Абильдина С.К., Мухаметжанова А.О., Айдарбекова К.А.

5В010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының студенттеріне арналған
**«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» өндірістік
(педагогикалық) практикасы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Педагогикалық жоғары оқу орны оқытушыларының алдында бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау маңызды міндетті болып отыр. Өзгерістерге дайын болу үшін ертеңгі күнгі іс-әрекеттің негізгі бағыттарын алдын-ала анықтай білген дұрыс. Студент өзінің білімі мен күшіне сенімсіз, тиімді жұмыс істей алмайды. Оқытушының алдында студентті педагогика, психология, дербес әдістемелердің негізгі мәселелерін оқыту міндеті ғана емес, сонымен қатар жас мұғалімді үнемі жанарып, бірін-бірін толықтыратын әдістемелер мен оқыту технологиялары ағымында бағдарлануға үйрету, әртүрлі ортада қарым-қатынастың практикалық біліктілігіне үйрету міндеті тұр. Студентке әріптестерімен, ата-аналармен, әкімшілікпен қарым-қатынас жасау біліктілігін меңгеру керек. Қазіргі заманғы жас мұғалім өзінің алған білімінің әрі қарай кәсіби өсуіне негіз ғана болатынын саналы сезінуі қажет.

Бұл жерде өндірістік (педагогикалық) практика маңызды роль атқарады. Өндірістік (педагогикалық) практика барлық оқу кезеңіне енгізілген. Ол студентке болашақ мамандығының шынайы жағдайына үйренісуіне, болашақ маманның тұлғалық және қызметтік (педагогикалық) сапаларының көрінуіне жағдай жасайды, оның кәсіби сәйкестігіне нақты баға беруге мүмкіндік тудырады. Практиканы өткізу негізіне кәсіби іс-әрекетке бірте-бірте өту ұстанымы алынған. Байқау сабақтары практикасынан пәндерді және дербес әдістемелік пәндерді меңгергеннен кейін, бастауыш сыныптарда оқу - педагогикалық және тәрбиелік іс – әрекеттерді орындауға қажетті барлық білімдерді алғаннан кейін өтеді.

«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» педагогикалық практикасын өткізудің **мақсаты** – студенттердің оқыған психология - педагогикалық және дербес әдістемелік пәндері негізінде практикалық педагогикалық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру.

«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» педагогикалық практикасының негізгі міндеттері:

- мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жүргізу барысында студенттердің педагогикалық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мынадай кәсіби – педагогикалық іс – әрекеттерді орындауға қатыстыру;

- оқу (пән бойынша сыныпта және сыныптан тыс сабақтар өткізу);

- тәрбиелік (тәрбиелік іс – шараларды жоспарлау және оны сынып оқушыларымен өткізу);

- әдістемелік (көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды дайындау, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік жұмысына ат салысу);

Студенттер педагогикалық практикадан өту кезінде төмендегі тапсырмаларды орындауға тиіс:

– бастауыш сынып мұғалімінің күнтізбелі – тақырыптық жоспарымен және тәрбие жоспарымен танысу;

– бастауыш сынып мұғалімдерді мен студент – практиканттардың ашық сабақтарына қатысу және олардың талдауына қатынасу;

– бастауыш сыныптың оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша кемінде 20 сабақты өз бетінше дайындап, өткізу;

– бастауыш сыныптың оқу пәндері (қазақ тілі, математика, дүниетану) бойынша кемінде екі сабақтан тыс іс-шаралар дайындап, өткізу;

– бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жұмысын іске асыру бойынша студенттердің педагогикалық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруді жалғастыру;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мынадай кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерді орындауға қатыстыру;

- оқу (пән бойынша сыныпта және сыныптан тыс сабақтар өткізу);

- тәрбиелік (тәрбиелік әс-шараларды жоспарлау және оны сынып оқушыларымен өткізу);

- әдістемелік (көрнекі құралдар мен дидактикалық

2000.-23 с.

12. Методические рекомендации для студентов по организации педагогической практики «Пробные уроки»/

Авторы-составители: Чемоданова Т.А., Егорова О.Г., Васильева М.Ю., Русакова Н.Г., Степанова ЕА., Михно О.А., Романова О.Е.-Татарск, 2008. - 186 с.

13. Научно-методическое обеспечение педагогической практики студентов/ Под ред. О.С. Гребенюка. - Калининград, 1998.-73 с.

14. Педагогическая практика в начальной школе/ Под ред. Г.М.Коджаспировой, Л.В.Бориковой. - М.: Академия, 2000. - 272 с.

15. Педагогическая практика: учебно-метод. пособие/ В.И. Андреев, Е.В. Асафова, И.И. Голованова, О.И. Донецкая. - Казань: КГУ, 2006. - 57 с.

16. Педагогическая практика: учебно-метод. пособие/ Под ред. В.П.Анисимова, В.Д.Пурина. - Тверь: Твер. гос. ун-т, 2006. - 200 с.

17. Педагогическая практика: методическое пособие. - Петрозаводск: Изд-во КГПУ, 2008. - 48 с.

18. Производственная практика (педагогическая в школе) (непрерывная) для направления подготовки дипломированного специалиста по специальности 05070865 - Педагогика и методика начального образования: рабочая программа/ Составитель Т. А. Шаманова. - Нерюнгри, 2010. http://www.nfvgu.ru/downloads/obraz_prog/PIMNO.doc

19. Рекомендации по планированию уроков в начальной школе. - <http://baidina.ru/index.php?name=news&op=view&id=53>

20. Схема самоанализа урока. - http://school16.edu.tomsk.ru/files/File/metodika/sxema_CU.doc

21. Чепиков В.Т. Педагогическая практика в начальных классах. — М.: Новое знание, 2008. — 288 с.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдыманапов С.А., Ахметкаримова Г.С., Нефедова Л.В., Соколова М.Г. Учебная программа и методические рекомендации по организации и проведению педагогической практики студентов университета. - Алматы: Рауан, 2000. - 115 с.
2. Анализ внеклассного мероприятия. http://inka.duma.midural.ru/poleznoe/klassnoe_rukovodstvo/analiz_u_neklas_meropr.doc
3. Бараева Е.И., Ершова М.В., Маковчик С.Н. Педагогическая практика. — М.: РИВШ, 2007. - 100 с.
4. Бережная И.Ф. Педагогическая практика в школе, учебно-метод. пособие для вузов. - Воронеж, 2010. - 64 с.
5. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Бакалавриат специальности 5В010200 - Педагогика и методика начального обучения. ГОСО РК 6.08.059-2010. - Астана, 2010.
6. Закон об образовании Республики Казахстан. - Астана, 2007.
7. Кабанина Л.А., Никулина О.М., Смотрова Л.Н. Педагогическая практика: учебно-метод. пособие для студентов педагогических вузов. — Саратов, 2009. - 128 с.
8. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе: от действия к мысли: пособие для учителя/ под ред. А.Г. Асмолова. - М: Просвещение, 2008.
9. Кулакова Н.Е., Лупоядова Л.Ю., Мельникова Н.А., Якимович И.Г. Дневник педагогической практики. - Брянск: Курсив, 2000. - 298 с.
10. Материалы сайта <http://nsportal.ru/nachalnaya-shkola>
11. Методика определения качества учебников и учебно-методических комплексов/ Авторы-составители: К.С.Кудайбергенова, Г.М.Нурпеисова. - Алматы: РИПКСО,

материалдарды дайындау, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысына ат салысу);

- ғылыми-зерттеу (ғылыми жетекшінің келісімімен курстық жұмыс бойынша тапсырмалар орындау – диагностикалау, материалдарды сынақтан өткізу және т.б.).

«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары»

практикасының мазмұны

- Өндірістік (педагогикалық) практикаға дайындық үдерісінде және одан өту барысында студент:
- бастауыш сынып мұғалімдерімен әдістемелік жұмыстың жүйесін;
 - мектептегі педагогикалық кеңес жұмысының мақсаты мен мазмұнын және оның құзырлығын, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік жұмыс жүйесін;
 - бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жұмысының мақсаты мен мазмұнын *меңгеруі керек*;
 - сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау және соған сәйкес оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеу;
 - сабақтың әртүрлі типі мен түрін дайындап өткізу;
 - оқу материалын мазмұнын меңгеруі бойынша кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру;
 - кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі құралдардың, әдістері мен ұйымдастыру формаларын пайдалану;
 - өткізілген оқу-жұмыстарының тиімділігін анықтау, оны түзетілуді іске асыру;
 - оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескеру;
 - бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесі бойынша ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру және олармен бірге балаға педагогикалық мақсатты ықпал етуге қол жеткізу;
 - әртүрлі типтегі сабақтарды дайындап өткізу;
 - сабаққа қажетті дидактикалық материалдар мен көрнекі - құралдарды дайындау;

- бастауыш сынып оқушыларымен оқу – тәрбие жұмысын өткізу;

- кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі құралдарын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын пайдалану;

- оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескеру ұстанымын іске асыру.

- оқушының жеке тұлғасын және сынып ұжымын зерттеу үшін педагогикалық зертеу әдістерін пайдалану біліктілігін *жетілдіруі керек.*

«Бастауыш мектептегі байқау сабақтары» практикасын ұйымдастыру:

1. Студенттер педагогикалық практикадан өтуі үшін мектеп әкімшілігінің келісімімен әр сыныпқа бір практиканттан бекітіліп беріледі және өндірістік педагогикалық практика бағдарламасында көрсетілген жұмыс ауқымын толығымен орындайды.

2. Практика барысында әр практикант күнделікті бастауыш сынып мұғалімінің жоспары бойынша кемінде бес сағат жұмыс атқарады. Кейбір жағдайда ғана практика жетекшісінің келісімімен практикант сабаққа немесе сабақтан тыс іс-шараға дайындалуы үшін сабақтан босатылуы мүмкін. Ауырып қалған жағдайда практикант дәрігерлік анықтамасын тапсыруға тиіс және ауырғандығы жөнінде топ жетекшісін, мектеп әкімшілігі мен мұғалімді өз уақытында хабардар етуі керек.

3. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жүргізу үшін практикант бастауыш сынып мұғалімімен, практика жетекшісімен, педагог, психолг және әдіскер оқытушылардан ақыл-кеңес алады.

4. Пәндер бойынша сыныптық және сыныптан тыс сабақтарды, тәрбие сағаттарын практикант тек сынып мұғалімінің қатысуымен ғана өткізеді. Жекелеген сабақтар мен оқу-тәрбие іс-шараларына топ жетекшісі, педагогика, психология және дербес әдістемелердің оқытушылығы қатысып, талдап, бағалайды.

— Дидактикалық және көрнекі материалдардың болуы _____
Студенттің сыртқы түрі _____
Ескертулер _____
Сабақтың тақырыбы _____
Сабақтың мақсаты _____
Сабақтың барысы:

	Кезең	Студент-практикант әрекеті	Талдау, ескерту, ұсыныс

Жалпы шешім: _____

Сабаққа қатысқан әдістер _____
аты-жөні, қолы

Сабақта оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың орны мен ролі. Жаңа материалды меңгеру үдерісіндегі оқушылардың өздік жұмыстарының маңызы, оқулықпен жұмыс.

3. Жаңа білімді бекітудің мазмұны мен әдістемесі. Жеке дара сипаттағы сұрақтар мен тапсырмалар, жаттығулар.

4. Үй тапсырмасының мазмұны мен әдістемесі. Үй тапсырмасының көлемі мен түрлері. Оны орындаудың үлгі нұсқасының берілуі. Жекелеген оқушыларға қосымша тапсырмалар.

5. Оқушылардың таным әрекетіне сипаттама. (Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың зейінін тұрақтандырудағы мұғалімнің әрекеті, оқушылардың жаңа материалды қабылдауын, оқушылардың бұрынғы алған білімдерін еске түсіруін қамтамасыз етуі, жаңа материалды оқушыларға меңгерту барысында проблемалық жағдай туғызып, оқушыларды ізденіске салуы. Жаңа ұғымдарды қалыптастыру жолдары, қиындықтары. Мұғалімнің оқушылардың қиялын іске қосудағы әрекеті. Оқу әрекеті процесінде оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы).

6. Мұғалімге сипаттама. Материалды меңгеруі, әдістемелік шеберлігі, оқушылармен қарым-қатынасы, сөйлеуі (сөйлеу мәнері, қарқыны, сөйлеу мәдениеті, бейнелілігі, эмоциялылығы.)

Қосымша 6

Әдіскердің қатысу парағы

Күні _____

Студенттің аты-жөні _____

Студенттің дайындығы:

Сабақ жоспары және оның сапасы _____

5. Практика барысында әр практикант күнделік жүргізеді, оған күнделікті жүргізген оқу-тәрбие жұмысын жазып, талдайды. Сынып ұжымына психологиялық-педагогикалық мінездеме жазу үшін зеттеу материалдарын жинақтайды.

6. Педагогикалық практикадан өту барысында әр студент өзінің зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық тәжірибе жұмысын жүргізеді, диплом жұмысын жазуға материалдар жинақтайды.

7. Әр топтағы практиканттарға староста тағайындалады, ол практика журналын толтырып, практика жетекшісінің тапсырмаларының орындалуын қадағалайды.

Студенттер педагогикалық практикадан өту кезінде төмендегі тапсырмаларды орындауға тиіс:

1. Практикадан өтетін сыныбының барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларымен, ОӘК және әдістемелік әдебиеттерімен танысу, оларға талдау жасау, қажет көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды дайындау.

2. Бастауыш сынып мұғалімінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарымен және тәрбие жоспарымен танысу.

3. Бастауыш сынып мұғалімдері мен студент-парапрактиканттардың ашық сабақтарына қатысу және олардың талдауына қатысу.

4. Бастауыш сыныптың оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша кемінде 30 сабақты өз бетінше дайындап, өткізу.

5. Бастауыш сыныптың оқу пәндері (қазақ тілі, математика, дүниетану) бойынша кемінде екі сабақтан тыс іс-шаралар жоспарлау, өткізу.

6. Оқушылардың қазақ тілі мен математика дәптерлерін күнделікті тексеру, осы пәндер бойынша бақылау жұмысын өткізу, олардың орындалуын тексеру және талдау жасау.

7. Мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына қатынасу.

8. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік жұмыс жүйесін үйрену және бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатынасу.

9. Сынып ұжымының қалыптасуын меңгеріп, оған

психологиялық-педагогикалық мінездеме беру.

10. Ғылыми жетекшінің тапсырмасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын орындау.

Практиканың өтілу үдерісіне қатысушылардың міндеттері

Практиканың топтық жетекшісінің міндеттері:

Топтық жетекші

- кафедра бойынша практика жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;
- қажетті құжаттарды дайындайды;
- бағыт беру және қорытынды конференцияларды өткізеді;
- кафедра оқытушыларының практика өткізудегі жұмысын қадағалайды;
- мектеп әкімшілігі және мұғалімдерімен тығыз байланыс орнатады;
- мектеп әкімшілігі және мұғалімдерімен бірлесе отырып студенттерді сыныптарға боледі;
- сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларға ішінара қатысады;
- практика бойынша есеп береді;
- практиканы өткізуді жетілдеру барысында ұсыныстар жасайды;

Дербес әдістемелік пәндер бойынша кафедра оқытушыларының міндеттері:

- практикаға студенттердің теориялық және әдістемелік даярлығын қамтамасыз етеді;
- студенттермен бірлесе отырып, қажетті құжаттардың (жоспарлау, талдау үлгісі, т.б.) дайындығын жүзеге асырады;
- үнемі сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларға қатысып, олардың өтілуін талдайды, түзетеді, ұсыныстарын жасайды;
- студенттерге әдістемелік, ұйымдастырушылық сұрақтары бойынша кеңес береді;
- бағыт беру және қорытынды конференцияларға

Бұл кезеңнің дәстүрлі оқытудан ерекшелігі оқушы өзінің осал тұстарын анықтап, өз-өзіне іштей баға береді, өзінің не туралы білгеніне саналы тұрғыдан келіп, саралайды. Осыған жеткізу үшін мұғалім сабақ тақырыбына байланысты жалпылама сұрақтар беріп, рефлексиялы жаттығу, тапсырмалар арқылы тексереді, оқушыларға ережелерді түйіндетеді.

Қосымша 5

Сабақ талдаудың үлгісі

Студенттің аты жөні _____

Сыныбы _____

Пәннің аты _____

Сабақтың тақырыбы _____ " ____ " ____

1. Сабақтың ұйымдастырылуы. Оқушылардың, сыныптың сабаққа дайындығы.

Оқушыларды ұйымдастыруы (олардың зейінін шоғырландыру, сабаққа дайындығын қадағалау және т.б.).

2. Оқушылардың білім, білік, дағдысын тексерудің мазмұны мен әдістемесі.

Білім, білік, дағдысын тексерудің мақсаты мен орны, тексерудің әдістері. Сұрақтардың, практикалық тапсырмалардың, өздік жұмыстардың, жеке дара сипаттағы тапсырмалардың мазмұны. Оқушылардың жауабының сипаты. Жаңа білімді меңгертудің мазмұны мен әдістемесі. Мұғалімнің жаңа сабаққа

көшуі. Жаңа білімді меңгертудегі жұмыс мазмұны мен әдістері, формалары. Жаңа материалдың өткен тапсырмалармен байланысы, баяндаудың жүйелілігі, бірізділігі, ұғынымдылығы.

Оқушыларға проблемалық сұрақтардың, танымдық, логикалық тапсырмалардың берілуі. Белгілі кезеңдерде оқушылардың зейіні мен қызығушылығына қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыстарға тартуы.

түйсініп, оны тануға деген ынтасын арттыра түсірері сөзсіз. Сабақтың алғашқы кезеңі оқушыны осындай өз бетімен ізденетін әрекеттерге итермелеуі керек.

Операционалдық-орындаушылық кезеңде жаңа тақырып оқушының тарапынан теориялық тұрғыдан танылады. Осыған дейінгі кезеңде жасалған жұмыстардың барлығы осы саты үшін қызмет етеді, оның нәтижесі мен жеіісі осында айқындалады. Білімді, теориялық ұғымды тануды мұғалім ұйымдастырғанмен, енді оны тану оқушының мақсатына айналып, ол орындаушылық мазмұн алады, яғни оқушының оқу-танымдық белсенді әрекеті осы кезеңде толық жүзеге асады. Мұғалімнің мұндағы негізгі қызметі – оқушының оқу-танымдық әрекетін қарапайым сабақ түрінде, диалектілік процесс негізінде жалпыдан нақтыға өту сипатында ұйымдастыру. Аталған кезеңде төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

- жаңа тақырыпты, ұғымды меңгеру мақсатында түрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындалады;

- соның негізінде оқушы бір нақты теориялық шешімге келіп, тұжырым жасайды;

- оқушылар жаңа теориялық ұғымды өзара бақылайды;

- жаңа танылған теориялық нысан туралы жалпы ереже, анықтама шығарады;

Нақты оқу тапсырмаларын орындау арқылы оқушы:

- берілген анықтама, ережені тәжірибеден өткізеді, оның ақыйқаттылығын тексереді;

- жекелеген тапсырмаларды орындау барысында ережеге қатысты ескертулерді анықтайды;

- жалпы ережеге сәйкес мысалдарды тауып, оларды түсіндіреді;

- түрлі тапсырмаларды орындап, теориялық білімін бекітеді, тексереді, еркін қолданады.

Рефлексиялық-бағалау кезеңіне оқушының теориялық түсініктерді меңгеруі тексеріледі, түзетулер енгізіліп, қайта қорытындыланады. Ол үшін:

- тақырып тұрғысында сұрақтар қойылады;

- арнайы тапсырмалар беріледі;

- тексеру жұмыстары жүргізіледі.

қатысады;

- мектеп мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынас орнатады;

- практика бойынша есеп береді;

- практиканы өткізуді жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар жасайды;

Педагогика кафедрасы оқытушыларының міндеттері:

- студенттердің практикада инновациялық технологияларды пайдалану туралы теориялық және практикалық дайындығын қамтамасыз етеді;

- ішінара сабақтарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысып, жүргізілуін саралап, қажетті түзетулерін енгізеді;

- студенттерге біртұтас педагогикалық процесс бойынша кеңес береді;

- бағыт беру және қорытынды конференцияларға қатысады;

- мектеп мұғалімдерімен, психология, әдістеме кафедрасы оқытушыларымен тығыз байланыс орнатады;

- практика бойынша есеп береді;

- практиканы өткізуді жетілдіру туралы нақты ұсыныстар жасайды;

Мектеп басшысы немесе оқу ісі жөніндегі орынбасарының міндеттері:

- практиканы өткізуге қажетті жағдайды қамтамасыз етеді;

- практика жетекшісімен, кафедра оқытушыларымен тығыз байланыс орнатады;

- студенттерді сыныптарға бөледі (практика жетекшісі және мектеп мұғалімдерімен бірлесе);

- ішінара сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларға қатысады;

- бағыт беру және қорытынды конференцияларға қатысады;

- практиканы өткізуді жетілдіру туралы нақты ұсыныстар жасайды.

Сынып жетекшісінің міндеттері

- практиканы өткізуге қажетті жағдайды қамтамасыз етеді;
- студентті сыныппен таныстырады;
- студентті сынып құжаттарымен және оларды дайындау ережелерімен таныстырады;
- оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша студентке кеңес береді;
- практика жетекшісімен, кафедра оқытушыларымен тығыз байланыс орнатады;
- сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізгенде қатысады;
- қатысқан сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларын талдайды;
- Студентке мінездеме және оның жұмысына баға береді;
- бағыт беру және қорытынды конференцияларға қатысады;
- практиканы өткізуді жетілдіру туралы нақты ұсыныстар жасайды;

Пән мұғалімдерінің міндеттері

- практиканы өткізуге қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- студенттерді жоспарлау мен оқу-тәрбие жұмыстарын өткізу бойынша құжаттар және оларды безендіру ережелерімен таныстыру;
- студенттерге оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша кеңес беру;
- практика жетекшісімен, кафедра оқытушыларымен тығыз байланыс орнату;
- сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізгенде қатысу;
- қатысқан сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларын талдау;
- студенттің жұмысына баға беру;
- бағыт беру және қорытынды конференцияларға

қойылуына және нақты, дұрыс жауаптардың болуына көңіл бөлген жөн.

Дамыта оқыту сабақтары оқушының оқу-танымдық әрекетінің психологиялық құрылым ерекшеліктеріне байланысты үш кезеңге сай ұйымдастырылады:

1. Мотивациялық-бағдарлау кезеңі (мотивация-даярлық әдістері қолданылады).

2. Операционалдық-орындаушылық кезең (оқу-танымдық, ізденім, ішінара зерттеу, проблемалық әдістері қолданылады).

3. Рефлексиялық-бағалау кезеңі (өзіндік бақылау – өзін-өзі бағалау әдістері).

Мотивациялық-бағдарлау кезеңде оқу міндеттері қойылып, айқындалады.

Оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятатындай тапсырмалар мен жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Соның негізінде оқушылардың жаңа тақырыпқа бет бұруына жағдай жасайды-дағы, жаңа тақырыпты танып-білу мотивациясын қалайды. Яғни оқушылардың осыған дейінгі алған білімдері негізінде жаңа тақырыпты меңгеруге дайындығын бақылау, жаңа тақырыпты меңгерудің алғышартын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі:

- үй тапсырмасын жаңа тақырыппен байланыстыру;
- жаңа тақырыпқа негіз болатын түсінік белгілер туралы ойларын жинақтау;
- өткен мен әлі өтілмеген оқу материалын шебер байланыстырып сұрақ қою арқылы проблемалық жағдаят тудыру;
- жаңа тақырыпты меңгертуге тірек болатын проблемалық сұрақтар қою, жағдай жасау, ойланту;
- стандартты емес тапсырма беру;
- беймәлім танылмаған білім нысаны туралы ақпаратты проблемалы түрде беру, яғни оқушыға білім неғұрлым беймәлім, жұмбақ көрінсе, соғұрлым оны білсем деген ынтасы арта түсетіндігін ескеру қажет. Осы әрекеттерді ұйымдастыру арқылы мұғалім жаңа сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етеді. Бұл оқушының өтілейін деп отырған тақырыптың қаншалықты қызықты да, проблемалы екенін

әр болігі қайда, қашан, қандай денгейде пайдаланылатынын шешу керек.

Сабақтың үлгі - жоспары

Сабақ жоспары – мұғалімнің күнделікті пайдаланатын жұмыс жоспары. Оны жасаудың алдында, жоғарыда айтылғандай, мақсатты анықтап алу керек. Сонымен қатар сол сабақтың бұрын өткен және алда өтетін сабақтар арасындағы орны: жаңа материалды түсіндіру мен өткенді бекіту әдіс-тәсілдеріне қатысты нақты материалдар сұрыптау; сабақта жасалатын қорытындыны ретке келтіру; дидактикалық материал мен көрнекі құралдардың қайсысын қолдану тиімді екенін анықтау т.б. керек.

Сабақ жоспарына немесе конспектісіне енетін мәліметтер тізімінің үлгісін келтірелік:

1. Сабақтың өтілетін күні, пәні, сыныбы, сабақтың түрі.

Жағдайға байланысты бұл талаптар толығымен немесе ішінара іске асады.

2. Сабақтың тақырыбы.

Сабақ тақырыбының аталуы оқу материалын тақырыптық жоспарлауда нақтыланады. Ол белгілі сыныптағы нақты пәннің бағдарламасы мен оқулығына сәйкестеледі.

3. Сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттары.

4. Сабақта пайданылатын көрнекті-құралар, оқытудың техникалық құралдары,

таратылатын материалдар, әдістемелік әдебиеттер және т.б. тізімі.

Сабақ жоспарлаудың алғашқы сатысында оқыту құралдарын іріктеп алады.

5. Сабақтың құрылымы, оның мазмұны, оқыту әдістері, сабақтың әр кезеңінің шамамен ұзақтығы.

6. Сабақ барысының сипаттамасы.

Сабақ барысын көрсеткенде оқу материалының мазмұны ашылып, оқытудың құралдары мен әдістерін пайдалану ерекшелігі көрсетіліп, сабақтың құрылымына сәйкес оның әр кезеңінің бірізділігі сақталуы керек. Мұнда сұрақтардың

қатысу;

практиканы өткізуді жетілдіру туралы нақты ұсыныстар жасау.

Өндірістік (педагогикалық) практиканы қорғауды ұйымдастыру

Студент есебіне жадынама үлгісі

1. Оқу жұмысы:

– Өткізген сабақтардың саны. Қай сабақтар сәтті өтті, қай сабақтар қиындық тудырды, неге?

– Сабақта қандай әдістерді пайдаландыңыз?

– Қандай көрнекі құралдарды сіз дайындадыңыз және сабаққа пайдаландыңыз? Олар сабақтың барысына қалай әсер етті?

– Сіз сабақта қандай техникалық құралдарды пайдаландыңыз, олардың сабақ өткізу барысында көмегі болды ма?

– Озық іс-тәжірибелерді, оқытудың жаңа технологияларын қалай пайдаландыңыз? Нақты мысалдар келтіріңіз. Осы жұмыстарыңызға қанағаттанасыз ба, қандай қиындықтарға кездестіңіз?

2. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар:

– Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың қандай түрлерін өткіздіңіз?

3. Тәрбие жұмысы:

– Практика кезеңінде қандай негізге тәрбиелік міндеттер шешілді?

– Тәрбие жұмысы қандай формаларда іске асты?

4. Ғылыми-зерттеу жұмысы:

– Қандай тақырып бойынша жұмыс істедіңіз?

– Тақырып бойынша педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар жүргізілді ме, оның нәтижелері қандай?

5. Әдістемелік жұмыс:

– Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жоспарымен таныстыңыз ба?

– Әдістемелік бірлестіктің қандай жұмысына қатынастыңыз, не үйрендіңіз?

6. Педагогикалық практиканы жетілдіру бағытындағы сіздің ұсыныстарыңыз.

Педагогикалық практика бойынша қорытынды конференцияға дайындайтын материалдар

1. Практикант бұрышы
2. Қабырға газеті
3. Педагогикалық практика барысы жайлы буклет немесе фотоколлаж
4. Дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар, оларға аннотациялар
5. Педагогикалық практика күнделігі, жүргізген жұмыс мазмұнымен толықтырылған папка.

Педагогикалық практика бойынша есеп беру құжаттары

Практика соңына таман (кемінде екі күн қалғанда) студент-практиканттар практиканың топтық жетекшісіне мынадай құжаттар ұсынады:

1. Педагогикалық практика бойынша жазбаша есебі.
2. Педагогикалық практика күнделігі.
3. Оқу пәндері бойынша өткізілген сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстардың жоспарлары.
4. Мектеп әкімшілігімен бекітілген, студент-практиканттың жүргізген оқу-тәрбие жұмыстарын бағалап берген сынып жетекшісінің мінездемесі.

Педагогикалық практиканы қорғау

Практика аяқталған уақытта (жетекші белгілеген күні) мектепте немесе университетте қорытынды конференция өткізіледі. Мұнда студенттердің практикадағы жұмыс нәтижелерін қорғауы болады. Оған практика бағдарламасын толық орындаған, практика жетекшісіне қажетті құжаттарды толығымен тапсырған студент қана жіберіледі. Қорғау қарсаңында практиканттардың барлық есеп беру құжаттары практика жетекшісі тарапынан тексеріліп, бағалануы тиіс. Педагогикалық практиканы қорғауға практика жетекшісі, педагогика, психология және днрбес пәндерді оқыту әдістемесі бойынша әдіскер-оқытушылар, мектеп

тәрбиенің сәйкесті құрамдас бөліктеріне қарай сабақтың тәрбиелік мақсатын құрайды.

Сабақтың дамытушылық мақсаты оқушылардың жалпы дамуына бағытылған. Білім алушыларды дамыту да үздіксіз жүреді. Сондықтан мұғалім үшін оқыту үдерісінде бала дамиды ма деген басты сұрақ емес, ол оқытудың дамытушылық функциясын іске асыру жолдарына үлкен мән береді. Оған жататындар: жеке тұлғаның интеллектуалдық, еріктік, эмоционалдық, мотивациялық ауқымының дамуы; оқу-танымдық біліктілігінің дамуы (оқу еңбегін ұйымдастыру біліктілігі, кітаппен жұмыс, сөйлеу мәдениетін, жазбаша тілін дамыту және т.б.).

Сабақтың дамытушылық мақсатын жазудың үлгілерін келтірелік:

- ✓ оқушылардың есте сақтауын дамыту;
- ✓ математикалық есептерді шешуде қиындықтарды жеңу біліктілігін дамыту;
- ✓ оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту;
- ✓ туындаған сұраққа оқулықтың көмегімен жауап іздеу біліктілігін дамыту және т.б.

Сонымен, осы үш мақсат кешенді түрде жүзеге асады. Олардың біреуі негізгі мақсат ретінде алға шығады, ал қалғандары өз міндеттерін шешіп, басты, жетекші мақсатқа жетуге көмектеседі.

Енді сабақтың мазмұнын таңдауға байланысты мәселелерді қарастыралық. Тақырыпты әдістемелік жағынан шығару үшін төмендегі қадамдар жасалады:

- ✓ тақырыптың бағдарламасын білу;
- ✓ оқу материалын талдау;
- ✓ тақырып бойынша міндеттерді құрастыру және шешу әдістері;
- ✓ негізгі теоремаларды әдістемелік өңдеу;
- ✓ типтік міндеттерді шешу алгоритімін таңдау;

Тақырыпты берудегі келесі қадам – таңдалған барлық материалды өзінің

педагогикалық тәжірибесімен сәйкестеу, әдістемелік әдебиетке, өз әріптестерінің тәжірибесіне сүйену.

Сосын материалдарды сұрыптау жүреді, мұнда мұғалім

✓ Сабақтың құрылымы *дидактикалық аппаратпен бірге оқушыларды мақсатты оқу әрекетіне ықпал ету керек;*

Сабақ жоспарын құруда мұғалімнен ерекше көңіл болуді қажет ететін әрекеттің төмендегідей бірізділігі корінеді:

1. Мақсат қою.
2. Сабақ мазмұның іріктеу.
3. Оқыту әдістерін тандау.
4. Сабақтың құрылымын анықтау.
5. Сабақтың базалық жүйесін құру.

Мұғалімнің негізгі көңіл бөлетіні - сабақтың мақсатын айқындау. Өйткені сабақ жоспарын құру алдымен мақсатты айқындаудан, одан кейін мақсатына жетуге қажетті құрал-жабдықтарын нақтылаудан және тақырыпты менгертудің әдіс-тәсілдерін белгілеуден басталады. Сабақтың мақсатына қарац оның қалған компоненттері өгереп отырады. Алдымен, сабақтың мақсатын қоюға байланысты мәселелерге тоқталайық.

Мақсат дегеніміз – алдын-ала жоспарланған нәтижеге жету. Оған жету үшін үш түрлі міндетті шешу керек. Сабақтың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты, сабақты ұйымдастыру және өтуге олардың рөлі нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады. Нақты материалды оқытудың білімділік мақсаты бағдарламада жалпы түрде берілген. Яғни сабақтың білімділік мақсатына негізінен бағдарламалық білім, білікті нақты анықталған деңгейде қалыптастыру жатады.

Сабақтың тәрбиелік мақсатын қою жеке тұлғаның қалыптасу үдерісіне біртұтастықпен келу шеңберінде іске асады. Және тәрбиенің барлық негізгі бағыттарын қамтыйды: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эканомикалық, экалогиялық, құқықтық, эстетикалық және дене тәрбиесі. Мұғалім оқу материялы арқылы баланы жан-жақты тәрбиелеуді ойластырып, алдағы сабақта мүмкін болатын жағын көрсетеді. Тәрбиелеу үдерісі сабақ барысында үзіліссіз жүргізіледі, мұғалім оған мақсатты түрде әсер етуі керек: ол үшін бір кезде тәртіптілігіне көңіл бөліп, бір сәт ұқыптылығына, тағы бір жағдайда табандылығына және т.б. мән беріледі. Осындай бағыттағы әсерлерді сипаттап,

әкімшілігінің өкілі қатысады.

Педагогикалық практиканың қорытындысы бойынша Университетте практиканттардың сабаққа дайындаған көрнекі-құраладры мен оқушылар жұмысынан көрме ұйымдастырылады.

Студент-практиканттарды бағалау критерийлері

Педагогикалық практика қорытынды бойынша есеп беру құжаттары студент оқуды бітіргенше университеттегі практиканы ұйымдастыратын кафедрада сақталады.

Практика нәтижесі бойынша студент 100 баллдық шкаламен баға алады. Оның бағасы студенттің жалпы үлгерімінің қорытындысын шығаруда ескеріледі.

Бағалау критерийі:

«Өте жақсы» деген баға практика бағдарламасында талап етілген барлық жұмыс ауқымын орындаған, оқу сабақтарын, сабақтан тыс және тәрбиелік іс-шараларды өте жақсы өткізген, оқушылар ұжымымен жүргізген барлық жұмысқа аса жауапкершілікпен және қызығушылықпен қараған, практиканың барлық кезеңдерінде терең теориялық және практикалық дайындағын көрсеткен, құжаттарды дайындауда зерттеушілік мәдениетін танытқан студентке қойылады.

«Жақсы» деген баға практика бағдарламасында талап етілген барлық жұмыс ауқымын орындаған, оқу сабақтарын, сабақтан тыс және тәрбиелік іс-шараларға жақсы дайындалып, өткізен, бірақ азғана кемшіліктер жіберген, толығымен өз бетінше жұмыс атқарған оқушылармен жұмыста қызығушылық танытқан және сынып жетекшісіне көмек көрсеткен студентке қойылады.

«Қанағаттанарлық» деген баға практика бағдарламасындағы жұмыс ауқымын орындаған, бірақ жұмыс барысында жеткілікті қызығушылық, дербестік байқатпаған, оқу сабақтарын, сабақтан тыс және тәрбиелік іс-шараларды өткізуде мәнді қателер жіберген, оқушылар ұжымымен, мұғалімдермен, сынып жетекшісімен қарым-қатынас орната алмаған, зерттеу жұмысы бойынша тапсырмаларды орындау зерттеушілік мәдениетінің төмен деңгейін көрсеткен

студентке қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға практика бағдарламасын орындамаған, өзінің міндеттеріне жауапкершіліксіз қараған (сабаққа келмеген, сынып жетекшісінің міндеттерін орындамаған және т.б.) студентке қойылады.

Дәлелді есептермен практика бағдарламасын орындамаған студенттер оқудан бос уақытында қайтадан практикаға жіберіледі.

Дәлелсіз себептермен практика бағдарламасын орындамаған немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағалаған студенттер университет уставында көрсетілген тәртіппен, академиялық қарызы бар студент ретінде университеттен шығарылуы мүмкін.

– Ата-аналардың мектепке, оқушылардың оқу жетістігіне қарым-қатынасы.

– Ата-аналар мен балалардың қарым-қатысына сипаттама.

– Оқушылар отбасының құндылық бағдары.

8. Сынып ұжымының өмір сүру қабілеттілігіне мониторинг

– Сынып жетекшісінің сыныпты педагогикалық диагностикалауын талдау.

– Қолдауды, дамытуды қажет ететін ұжымның жақсы сапалары.

– Қжымның, жеке оқушылардың түзетуді қажет ететін жаман қасиеттері.

9. Сынып ұжымының құрылымы.

– Сынып белсенділері.

– Сынып оқушыларының тапсырмалары (міндеттері).

– Қызығушылығы бойынша оқушылардың шағын топтары (сыныпта жұмыс жүргізу үшін).

Сыныптағы оқушылар ұжымын зерттеудің диагностикалық әдістемелерін іріктеуде мынаны ескеру керек: сынып оқушыларының жас ерекшелігі; балалар ұжымының қалыптасу деңгейі; сынып жетекшісі мен оқушылардың қарым-қатынас ерекшелігі; балалар мен үлкендердің бір-біріне сену деңгейі.

Қосымша 4

Сабақ жоспарын құру үлгісі

Сабақ жоспарын құрғанда мұғалім мыналарды анықтайды:

✓ Сабақтың мақсаты- бұл сабақтың біртұтастығын қамтамасыз ету үшін, біршама мәнді нәтижелерге зейінін қалыптастыру үшін керек;

✓ Дидктикалық аппарат- қойылған мақсатқа қолжеткізуге қажетті оқытудың мазмұны, әдістері, құралдары;

ауруына қарым-қатынасы, өзінің қарым-қатынасы

3. Оқушылар қызығушыларына сипаттама.

– Оқушылардың таңымдық және оқу мотивтерінің қалыптасуы немесе қалыптаспауы

– Оқушының өзінің оқуына қарым-қатынасы

– Оқушының оқу пәндеріне қарым-қатынасы

4. Оқушылардың интеллектуалды біліктілігіне сипаттама

– Кітаппен жұмыс істеуге, оны оқуға ынтасы

– Оқушылардың еңбекке қабілеттілік, белсенділік, оқу әрекетіндегі өзбетінше жұмыс істеу қабілеттілік деңгейі.

– Оқушылардың үй тапсырмасын орындауға қарым-қатынасы

– Оқушылардың қызығушылығы ескеріле отырып, олардың мектептен тыс интеллектуалды әрекетке тартылу деңгейі (үйірмелер, факультативтер, арнайы курстар, олимпиадалар).

5. Сынып ұжымының қалыптасуына сипаттама

– Балалар ұжымындағы топбасшылар мен жеке қалған балалардың анықталуы.

– Ұжымдағы шағын топтардың анықталуы, оқушылардың топқа бірлесуінің себебі (қызығушылығы, мекен-жайы, қабілеттілігі, жеке қасиеттері бойынша).

6. Оқушылардың адамгершілік қасиеттеріне оқушылар ұжымының эмоционалды қалпына сипаттама.

– Оқушылардың ашықтығы, тұйықтығы.

– Оқушыларда мейірімділік, аяушылық сезімдердің болуы немесе болмауы.

– Оқушыларда тұлғалық ерік сапаларының, рефлексиялық біліктілігінің болуы немесе болмауы.

– Оқушылардың бір-бірімен келіспеушілік деңгейі, оның себептері.

– Оқушыларда педагоктармен және сыныптастарымен өзара қарым-қатынас жасау біліктілігінің болуы немесе болмауы.

7. Оқушылар отбасына сипаттама.

– Ата-аналардың жасы білім деңгейі, балалардың отбасындағы өмір сүру жағдайы.

Қосымша 1

Бастауыш сынып мұғалімінің жұмысымен танысу

1. Мұғалім жұмысы реттелген құжаттар.

2. Сынып жетекшісінің қызметтік міндеттері.

3. Мұғалімнің оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыруы.

4. Сыныптың тәрбие жұмысының жоспарымен танысу.

Сынып жетекшісінің құжаттары.

Қосымша 2

Жеке оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме берудің үлгі-сызбасы

1. Оқушы туралы жалпы мәліметтері

– Аты, тегі, сыныбы, жасы; отбасындағы жағдайы, отбасы тәрбиесінің негізгі бағыттары

– Оқушының сыртқы түрі (бойы, беті, жүрісі және т.б.).

– Дене дамуы, денсаулық жағдайы, қыймыл-қозғалыс белсенділігі.

2. Оқу әрекеті

– Оқу үлгерімі (алатын бағалары, қолжетімді пәндері, таңдаулы пәндері).

– Үлгерімі мен жалпы ақыл-ойы дамуының сәйкестігі (қабілеті, дүниетанымы).

– Оқу әрекетінде оқушы зейінінің ерекшеліктері, еске сақтау қасиеті мен саналылығының көрінуі.

– Сөйлеуі (сөздік қор, сөйлеудегі білімділігі, ойын ауызша және жазбаша жеткізу біліктілігі).

– Білуге ұмтылысы (ынтасы, оқу әрекетіндегі жинақылығы; оқушының білуге ұмтылыс деңгейі немен түсіндіріледі: таным әрекетіне қызығушылығы, ата-аналар немесе мұғалімнің «қысымымен», қабілеттілігімен және т.б.

себептермен білуге ұмтылысы.

3. Тәртіптілігі

– Сабақта, үзілісте, сабақтан бос уақытындағы мінез-құлқының ерекшеліктері.

– Мектеп ережесінің, мұғалім талаптарының орындалуы.

– Мінез-құлық мәдениетінің дағдылары.

– Санасы мен мінез-құлқының бірлігі.

4. Еңбекке қатынасы

– Оқушы еңбек еткенді ұнатады ма, еңбекті құрметтейді ме?

– Еңбек дағдыларының болуы.

– Оқушы еңбектің қай түрін қалайды?

5. Қоғамдық белсенділігі

– Орындайтын қоғамдық міндеттер (тапсырмасы).

– Сыныптың қоғамдық өмірдегі белсенділік деңгейі.

6. Сынып оқушыларымен қарым-қатынасы

– Қарым-қатынас сипаты, сыныптағы көпшілік оқушыларымен тез араласып кете ала ма, қандай да бір топқа бөліне ме, сынып жетекшісімен, мұғалімдермен, қыздар және ұлдармен қарым-қатынасы қандай?

– Оқушының сыныпта алатын орны, социометиялық көрсеткіші, өзінің ұжымдағы орнымен қанағаттануы.

7. Оқушының өзіне қарым-қатынасы

– Өзі, өзінің тұлғалық қасиеттері туралы пікірі, өзін-өзі бағалауы.

8. Темпераменті мен мінез-құлқының ерекшеліктері

– Мінез-құлқында, жұмысқа қабілеттілігінде, қарым-қатынасында, эмоционалды күйінде, жұмыс қарқынында (бірдей қарқын немесе әр түрлі, жұмысты тез бастайды немесе ұзақ «тербеледі»), өзіне сенімділігі мен сенімсіздігін де темперамент ерекшелігінің көрінуі.

– Қалыпты көң-күйі (көңілсіз, тұнжылаулы, тұрақты, тұрақсыз, немесе көңіл-күйі жиі ауысып тұрады).

– Оқушының қатты байқалатын оң және теріс мінезі.

9. Арнайы қабілеті, бейімділігі

– Мысалы, спортқа, сурет салуға, әдеби шығармашылыққа

10. Оқушының жас ерекшелігіне тән сипаттардың мінез-құлқында көрінуі

11. Тұжырымдар

– Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуы қаншалықты жақсы жүріп жатыр деп ойлайсыз?

– Сіздің ойыңызша, оқушыны алдағы уақытта тәрбиелегенде, оның қандай мықты жеке тұлғалық сапасына сүйену керек.

– Сіз оқушының тұлғалық қалыптасуында қандай кемшіліктерді көрдіңіз және алдағы уақытта оның қандай тұлғалық сапаларына мән беру керек деп ойлайсыз?

Қосымша 3

Сыныптағы оқушылар ұжымына зеттеудің үлгі бағдарламасы

1. Оқушылар ұжымының қалыптасуы.

– Сыныптың құрамы, ұлдар мен қыздардың саны, сынып оқушыларының жасы, толық және толық емес отбасыларындағы оқушылар саны.

– Оқушының ұжымға енуінің басталуы: балабақша, бастауыш мектеп

– Оқушылар тұратын шағын аудан

– Жаңа оқушылардың ұжымға кіру жолдары

2. Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын талдау.

– Сынып оқушыларының медициналық тексерілу нәтижелерін талдау (медициналық топтар).

– Денсаулығын мұғалім ескеріп, қарауын қажет ететін оқушылардың аты-жөні

– Ауру баланың және оның отбасындағылардың оның